

# Егемен Қазақстан

## Дәнекер

Күнделікті тіршілікте, оның ішінде қырық жылдан астам бойы етене боп кеткен, аузынан балалықтың уыз дәмі енді кете бастаған шақтан бастап араласқан етжақын адамның жақсы қасиеттерін бағалап, ой салып қарай бермейсің. Бәрі де үйреншікті, бұрыннан солай және солай болуға тиіс сияқты. Сондай бір тосын жайтқа биыл курстастарым Жүрсін мен Есеннің игілікті қуаныштары тұсында куә болдым. Құлын-тайынан бері ойнақтап өскен адамдардың әзіл-қалжындарынан езуіміз талып, сөйлеуге шамамыз жоқтай көрініп, түн орталатып үйге қайттық. Әзілдің тақырыбынан басқа жайлардың бәрі де үйреншікті. Курстастардың басын қосып, кімнің қайда екенін, аман-саулығын біліп, өзгерген мекені мен «шайтанқұлақтарының» санын қатирасына түсіріп, уақтылы баяндап тұратын сол Оңалбай баяғы.

Тек бұл жолы біз білетін тынымсыз Сиез Бәсібеков пен Сайлаубай Пернебаев ағаларымыз сияқты мәжіліс пен отырыс кезінде тыным таппай, иіліп-шалқайып, қисайып-түзеліп, отырып-тұрып, арасында альбомын көрсетіп, ондағы өзіміз түсірілген суреттердің уақытын айтып жіберіп, тұра жүгіретін мазасыз фототілшінің әдетін бойына «жұқтырып» алыпты. Оның бұл мінезін сан-саққа жүгіртіп: «Тегін фототілшілікті үйренген жоқ. Қазір есік алдында тұрып сатады. Сөйтіп бизнес жасайды», «Жоқ, ол суретті ертең шығарып, альбом жасап, келесі басқосуда базар бағасымен әкеледі», «Әй, осымыз біздің үстімізден құпия дерек жиып жүр», «Сонда кімге қызмет етеді?», «Әй, біздің Оңалбай ЦРУ-дан төмен түспейді. Қымбатқа бағалайды. Алматы, Астана, Қызылорда арасында жүрген шығынын солай өтейді», – дестік.

Оған өз курсынан «жеріп жүрген» Көпен келіп тұздық қосқан соң, бұл әңгіменің өзі бір кешке созылып, тақырыбымыз бұрынғыдан гөрі кеңейіп, халықаралық қауіпсіздік деңгейіне көтеріліп кетті. Енді, мұндай «құпия агентті» жалғыз жіберуге болмас деп, Есағаң – Есен курстасым оны үйіме қондыруды маған сеніп тапсырды. Жолай және үйде Оңалбайдың базарлығын түгендеп: «Шайға қосатын шекеріңді неге сала келмегенсің?», – деп шымшылай отырып жанынан тастамайтын «шөншігіне» көштім. Қазынасын ақтара отырып, бір көне альбомды оңашалап қойды.

Сыңайы – менің назарымның түскенін қаламайды. Дерееу: «Әй, сенің барлық агенттік ақпараттарыңды жинақтап жүрген қатираң осы болмасын. Ертең Жанболаттың

үйіндегі басқосуда хабарлаймын. Есен сұрайды, Сәулебек прокурор ретінде санкция береді, Жүрсін айтысқа тақырып етіп алады, Несіпбек тарихи дастан жазады. Содан кейін есебін Жанболат «Егеменге» шығарады», – дедім. «Қой. Қойсаңшы», – деп тұрды да: «Ей, қоймадың ғой. Оқи ғой. Мен жүрген жерімде жақсы адамдармен жолықсам, солардан қолтаңба аламын. Суретке түсіремін. Кейін, қажет етсе, өздеріне беремін. Менің «агенттігімнің» есебі осы», – деді.

Құнын сұрайын деп ұмсындым да, альбомды ашып қалып, таныс бір жазуды көріп, тына қалдым. Онда: «Оңалбай бауырым! Омбыдағы оң сапар – шуақты күндер мен тылсым түндер еске түскен сайын өзіңді еске ала бермеске лаж бар ма?! Оңалбай, ылғи да амандықта, жол үстінде, жақсылық сәттерде қауыша берейік. Сағат Әшімбаев. 22.07– 91», – деп жазыпты. Бойым шымырлап кеткендей болды. «Тағы нең бар?», – дедім. «Әр жағын оқысай», – деді ол. Оқыдым.

«Құрметті Оңалбай! «Омбыдағы шуақты күндер» атты ойлы мақаланды оқып, өзіңмен сол Омбы жерінде жүздесіп, танысып, табыстық. Екі ел арасындағы дәнекерлік, алтын көпірлік, азаматтық қасиеттеріңе шын сүйіне, тебірене қол қойдым. Құрметті Оңеке! Өзіңе ең ізгі тілектермен қазақтың ән, күй шаруашылығының тұрақты өкілі, «Қожа Ахмет Ясауи» атты ән-толғау шығарған замандасың – Шәміл Бисенғалиұлы Әбілтаев. 19 шілде, 1991 жыл. Алматы – Омбы». Келесі бетті ашқанымда сол кезде жұлдызы енді ғана көтерілген Шымболат ақынның қолтаңбасы көзіме түсті. Еріксіз оқи бастадым. «Оңалбайға!» – деп басталыпты сөйлем:

Сырда туған сырласым,  
Айналайын Оңалбай!  
Бір ауыз өлең жазайын,  
Тұрғанда тілім жоғалмай.  
Зорлығына мықтының,  
Жүрген жан едім көне алмай.  
Қырыққа жасым келгенше,  
Тірлігім қойды-ау оңалмай.  
Арқада өтті көп жылдар,  
Сыр бойына соға алмай.  
Отыз жыл жүрдім шахтада,  
Жыршылық өнер қона алмай.  
Дүбірлі тойға қосылдым,  
Жер астында жоғалмай.  
Әлі де жүрмін өлеңнің,  
Күмбезін әсем соға алмай.  
Солай да, солай, Оңалбай,  
Ер жігітте арман жоқ,  
Пайдасы тисе, қоғамға-ай!..  
«Қазағым!» – деп жүресің,  
Баяғы заман болар ма-ай.  
Шәмілдің күйі төгілсе,  
Ертістің суы толар ма-ай.  
Омбыда өткен көп жақсы,  
Арман не болсаң, солардай!  
Омбы қаласы. 19 шілде, 1991».

Мынада Шымболат жыраудың жеке өмір беттерімен қоса, тура сол кездегі қоғамның көкейін тескен мәселе де қамтылыпты. Ертістің деңгейі төмен түскенін қазір ұмыта да бастадық қой. Әрі қарай беттегенде Құдайбергеннің, Токсынның, Уәйістің, Лұқпанның, Секеннің, тағы да басқа өнер жұлдыздарының қолтаңбасы бар екен. Альбом Несіпбектің «тарихи дастанымен» аяқталыпты. Аз үнсіз қалдым. Оңалбайдың игі жақсының тілегін жиған мына қормалдығына риза болдым әрі таң қалдым.

Енді соның жөнін сұрадым. – Өзің білесің, газетте жүрген кезімде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы шақырып алды да, мені партиялық тапсырма ретінде аудандық милиция бөлімі бастығының орынбасары етіп жіберді. Қарсылық жасай алмайсың. Оған Қасым Қайсенов ағамыздың септігі тиген сияқты. Содан Омбыдағы милиция мектебіне оқуға бардым. Ондағы қалың қандастың тұрмысымен таныстым. Қазақы мәдениетке сусап отыр екен. Бірден Алматыға соғып, сол мәселені көтеріп мақала жаздым. Сағат ағамызға жолықтым. «Айтыс» пен «Тамашаны» сағынып отырғанын айттым. Баспасөз де, ел де бірден қолдап әкетті. Сәкең бұл аманатты Орталық Комитетке жеткізді. Арада біраз уақыт өткен соң қазақ мәдениетінің Омбыдағы күндерін өткізу туралы шешім қабылданды. Сағат аға мені шақыртып алып, ұйымдастыру комиссиясына өкіл етіп қосты. Сөйтіп, екі жұрттың арасына дәнекер болдым. Омбылықтардың есінде ол күндер мәңгі қалды. Дән риза. Мына қолтаңбалар сол күндері альбомға түсті», – деді.

Ұзақ ойланып қалдым. 1991 жылдың шілдесіндегі қазақ мәдениетінің Омбыдағы күндері халқымыздың тәуелсіздік рухын оятқан алғашқы бостандық нышанының бірі еді. Соған Оңалбайдың дәнекер болғанын мен де, курстастары да, жалпы қауым да бимағлұм. Осыдан 42 жыл бұрын КазГУ-дің алдында танысқан Оңалбайдың содан бері курстастарының басын қосудан жалықпай келе жатқанында, оның бойында осындай бір тума дәнекерлік қасиет бар екен ғой деген ойға қалдым.

Соның куәсіндей әлгі қатирарадағы Омбыдағы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Солтан Есенболов атты азаматтың: «...Сенің қазақ халқы үшін жасап жүрген намысыңды жүрекпен қабылдап, үнемі сол еңбегің жалындай жанып, халқың атыңа риза бола берсін», – деген қолтаңбасындағы тілегіне барлық курстастар атынан қосыла отырып, осы жолдарды аяқтағым келеді. Шіркін, елді елге қосып, әр жақсының жан сырын қолтаңбада қалдыратын осындай бір дәнекер азаматтар көп болса ғой!

Тұрсын ЖҰРТБАЙ  
филология ғылымдарының докторы, профессор.